

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 417-420

ШУ ҚАҒАНАҒЫНДАҒЫ КІНДІК БАУЫН КЕСІП ХЛОРГЕКСИДИН ЖӘНЕ СУ ТЕГІНІҢ АСҚЫН ТОТЫҒЫ ЕРІТІНДІЛЕРІН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ СИЫРЛАРДА ШУ ТҮСУІ КЕШЕУІЛДЕУІНІҢ АЛДЫН АЛУ

Ығиева А.С.

Акушерлік патологиялардың ішіндегі ең кең таралғаны, шудың кешеуілдеуі болып табылады. Көптеген авторлардың зерттеуінде аталмыш аурудың төлдеген сиырлар арасындағы шалдығу көрсеткіші 10-20% -дан 40-80% аралығын қамтиды. Бұл ауру ет бағытындағы сиырларға қарағанда сүт бағытындағы сиырларда жиі тіркеледі.

Шудың кешеуілдеуі туудан кейінгі асқынулардың ішіндегі ең негізгі себептерінің бірі болып саналады және де жыл сайынғы бұзаулау көрсеткішінің төмендеуіне, сиырлардың бедеулігіне, өнімділігінің төмендеуіне әкеледі [1,2].

Қазіргі таңда сиырларда шу түсу кешеуілдеуін емдеу мен алдын-алу әдістері көптеп ұсынылған. Олардың барлығы буаздылықтың үшінші және соңғы кезеңінде дәрілік препараттарды қолданылуымен сипатталады. Шу кешеуілдеудің алдын-алуда Конопельцев И. Г., Попов А.И., [3] сиырлардың күре тамырына натрий хлоридінің озондалған ерітіндісін 1000,0 дозада, 2,2 мг озонмен қоса егеді. Және бұлшық етке кг салмағына 50 бірлік окситоцинді төлдегеннен кейін 3 сағаттан кем емес уақыт ішінде егу қажет. Басқа ғалымдар сиырларға Түмен минералды суын бергеннен кейін 5-8 сағатта туғаннан кейінгі кезең асқынусыз өтетінін айтады.

Борзенко Е.В [5] зерттеулерінде сиыр бұзаулағаннан кейін 3-4 сағаттан соң асептика, антисептика ережелерін сақтай отырып, қантамырлар орналасқан кіндікті тауып, саусақтарды сырғаната отырып, түзілген тромбтар мен қанды сығып шығарады, ал кіндіктің тартылған жерін қайшымен қиып алады.

Шудың кешеуілдеуінің себептері ол тамырлы қабаттың жатыр карункулаларынан ажырау процесінің қалыпсыз тығыз байланысуы (хорион түктерінің гипертрофиясы, шудың қабынуы және түйілуінің дамуы, шу мен жатырдың кілегейлі қабатының тығыз байланысуы, хорион түктерінің домбығуы); шуды ажыратып болғаннан кейін жатырдан қалдықтарды, хорион тамырларынан аққан қанды шығару, механикалық бөгеттер, ажыраған шудың жатыр қуысынан бөлініп шығуының қиындауы; құрсақ қуысының бұлшық еттерінің тым әлсіз жиырылуы; шуға микроорғанизмдердің енуінен плацентарлық тіндерде патологиялық өзгерістердің басталып, гиперемиялық қабыну мен хорион бүрлерінің крипти

мен карункулалардағы қысылуынан, хорион бұрлерінің криптилерге берік бекіп, ары қарай карункулаларда дәнекер ұлпа дамиды да, жатыр атониясына әкеп соғады. Осы бейімдеуші факторлардың шудың бөлінбеуіне әкеліп тірейтін малдың байламда ұсталуы, дұрыс азықтанбау мен суарылмауы, дәрумендер мен минералды тұздардың жетіспеушілігі мен індетті аурулардың болуынан туындайтын себептер [6].

Зерттеу мақсаты: Сиырларда шудың кешеуілдеуінің алдын-алу әдістерін зерттеу және жетілдіру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы шаруашылықтарында жүргізілді. Зерттеуге туғаннан кейінгі сиырлар (n=80), 0,05% хлоргексидин биглюконат, 3%-ды сутегінің асқын тотығы ерітінділері қолданылды.

Шудың кешеуілдеуінің алдын алу үшін әртүрлі әдістер қолданылып, бұл үшін 7 топтағы (n=80) жануарлармен тәжірибе жүргізілді.

I-ші топта (n=20) кіндік бауы кесілмеген, шуы кешеуілдеген жануарлар (бақылау топ)

II-ші (n=10) және III-ші (n=10) топтағы жануарларға Копытин В.К. және Машаров Ю.В. [7,8] әдістері бойынша сиырлар төлдегеннен соң 30 минут және 30-60 минут ішінде кіндік бауы кесілді. Кіндік бау тұқылын ажырату үшін келесі техника ұсынылды. Бұзауды қабылдап алғаннан соң 5-7 минуттан кейін кіндік бау өздігінен қынаптан шығып тұрса, онда 8-15 см төмен қалдырып тамыр шетінен өткір тұзу қайшы немесе скальпельмен кеседі. Егерде кіндік тамыры өздігінен түспесе онда асептика ережесін сақтай отырып қолды қынапқа салып, саусақпен ұстап сыртқа шығарады да оны кеседі. Кескеннен кейін қан тамырдан 500-1500 мл көлемінде қан ағады. Өз тәжірибемізді жүргізу барысында IV –ші (n=10) және V-ші (n=10) топтағы жануарлардың төлдегеннен соң 30 минут және 30-60 минут ішінде кіндіктерін кескеннен кейін тамыр ішіне 3%-ды сутегінің асқын тотығы 400 мл көлемінде енгізілді, ал VI –ші (n=10) және VII –ші (n=10) топтағы жануарларға төлдегеннен соң 30 минут және 30-60 минут ішінде кіндіктерін кескеннен кейін 0,05% хлоргексидин биглюконат препараты 200 мл көлемінде енгізілді.

Зерттеу нәтижелері

Сиырларда шу кешеуілдеуінің таралуы Ақмола облысындағы шаруашылықтарда курация арқылы және тіркеу журналдары талдау негізінде жасалынды.

Сиырларда шу кешеуілдеуінің таралуы наурыз, сәуір, мамыр айларында тіркелді. Наурыз айында 129 сиырдың 49 немесе 37,9%, ал сәуір айында 105 сиырдың 25 немесе 23,8%-ында, мамыр айында 58 сиырдың 11 немесе 18,9%-ында шудың кешеуілдеуі кездесті.(сурет1)

Сурет1- Сиырларда шу кешеуілдеуінің таралуы

Жүргізілген зерттеулер бойынша бақылау тобындағы жануарлардың (n=20) 6 сағат ішінде 16 сиырда (80%) шуы түспеді. Жануарларда толық шудың кешеуілдеуі болды. Осыған байланысты 48 сағат өткенен соң шу оперативті түрде алынды. (кесте 2)

II-ші топтағы (n=10) жануарлар төлдегеннен соң 30 минут ішінде кіндік бауы кесілген 80% жануарлардың шуы 3-6 сағат ішінде түсті. III-ші топтағы (n=10) жануарлар төлдегеннен кейін кіндік бауын 30-60 минут ішінде кескен кезде 60% жануардың шуы түсті. Қалған 40% жануардың шуы оперативті жолмен алынды.

IV-ші топтағы (n=10) жануарларға төлдегеннен кейін, 30 минут ішінде кіндік бауын кесіп, 3%-ды сутегінің асқын тотығын енгіздік. Алғашқы 2 сағат ішінде 8 жануардың (80%) шуы түсті. V-ші топтағы (n=10) жануарлар төлдегеннен кейін кіндік бауын 30-60 минут кесіп, 3%-ды сутегінің асқын тотығын енгізгенде 70% жануардың шуы түссе, 30% жануардың шуын оперативті жолмен алуға тура келді.

Жануарлар төлдегеннен кейін, кіндік бауын кесіп, 0,05% хлоргексидин биглюконат ерітіндісін енгізгеннен VI-ші топтағы (n=10) жануарлардың шуы 1-2 сағат ішінде 100% түсті, кіндік бауын 30-60 минут ішінде кескен IV-ші топтағы (n=10) 90% жануардың шуы 3-6 сағатта түсті.

Кесте 2 – Сиырларда шу түсуі кешеуілдеуінің алдын алу әдістерін жетілдіру нәтижелері (n=80)

№	Топтар	n	Кіндік бауын кесу			
			30 минут		30-60 минут	
			N	%	N	%
1.	Кіндік бауы кесілмеген, шуы кешеуілдеген сиырлар (бақылау тобы)	20	2	10	2	10
2.	Төлдегеннен соң 30 минут ішінде кіндік бауы кесілген сиырлар	10	8	80	-	-
3.	Төлдегеннен соң 30-60 минут ішінде кіндік бауы кесілген сиырлар	10	-	-	6	60
4.	Төлдегеннен кейін, 30 минут ішінде кіндік бауын кесіп, 3%-ды сутегінің асқын тотығы енгізілген сиырлар	10	8	80	-	-
5.	Төлдегеннен кейін, 30-60 минут ішінде кіндік бауын кесіп, 3%-ды сутегінің асқын тотығы енгізілген сиырлар	10	-	-	7	70

6.	Төлдегеннен кейін, 30 минут ішінде кіндік бауын кесіп, 0,05% хлоргексидин биглюконат ерітіндісі енгізілген сиырлар	10	10	100	-	-
7.	Төлдегеннен кейін, 30-60 минут ішінде кіндік бауын кесіп, 0,05% хлоргексидин биглюконат ерітіндісі енгізілген сиырлар	10	-	-	9	90

Қағанақта орналасқан кіндік бауын төлдеуден кейін 30 минут ішінде кескен жағдайда 80% сиырлардың шуы кешеуілдеуінің алдын алуға мүмкіндік берді. 3%-ды сутегінің асқын тотығы, 0,05% хлоргексидин биглюконат ерітінділерін енгізгеннен кейін төлдеудің үшінші кезеңін 2 сағатқа немесе 1,25 есе қысқартты.

Қорытынды

Зерттеу барысында кіндік бауын төлдегеннен кейін 30 минут ішінде кесу және кіндік бауына 0,05% хлоргексидин биглюконат ерітіндісін егу сиырлардың шуының кешеуілдеуінің алдын алу үшін тиімді әдіс екенін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Джакупов И.Т., Есжанова Г.Т., Кузурбаева А.Т.. Послеродовые болезни и их диагностика у импортных коров в условиях Северного Казахстана// Ветеринария. Москва, 2015. - №7- С.47-50.

2. Стуков А. Н., «Задержание последа у высокопродуктивных коров и методы его профилактики и лечения» // . Ветеринария, 2001-№2-С.49-51.

3. Конопельцев И. Г., Попов А.И.; Способ профилактики задержания последа у коров / Федеральное государственное образовательное учреждение высшего профессионального образования Вятская государственная сельскохозяйственная академия Заявка №2287990, положительное решение о выдаче патента от 27.11.2006

4. Белобороденко Т.А., Белобороденко А.М., Белобороденко М.А.; Способ профилактики задержания последа у коров / Заявка №2012114590, положительное решение о выдаче патента от 22.03.2013

5. Борзенко Е.В., Способ профилактики и лечения задержания последа у коров // Патент 2012.

6. Kimura K., Goff J.P., Kehrli ME, Reinhardt TA. Decreased neutrophil function as a cause of retained placenta in dairy cattle / J. Dairy.Sci., 2002. . V. 85. - P. 544-550.

7. Копытин В.К.; Машаров Ю.В «Способ профилактики задержания последа у коров» // Ветеринария, 2004-№3-С.49-50

8. Машаров Ю. В., /Рациональный метод профилактики задержания последа у коров путем иссечения культы пуповины//Автореф. дис. . канд. вет. наук.Москва, 2009г

Ғылыми жетекші: в.ғ.д., профессор Жақытов И.Т.